

Astana - 2023

BILIM



AINASY

Қазан-Октябрь



Шымкент қаласы
№136 жалпы орта білім беретін
мектеп директоры

Мырзакасымова Лаззат
Наримановна



WWW.BILIMAINASY.KZ



Умбетова Манзура Серікбайқызы

Шымкент қаласы

№136 жалпы орта білім беретін мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Оқушыны көркем шығарманы оқуға тартудың тиімді жолдары

Әдебиет пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне қосар үлесі үлкен. Өйткені мектеп оқушысы осы пәннің талабын орындау үшін әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды оқиды. Ол туындылар оқушының жақсы мен жаманның ара жігін ажырата білуіне, адамгершілік сезімінің ұшталып, имандылық қасиеттерінің оянуына септігін тигізеді. Сондықтан әдебиет пәнін оқытуға ерекше назар аударылады.

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты - оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, көркем шығармаларды оқуға деген ынталарын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы адамгершілікке, парасаттылыққа, сұлулыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін белгілі бір жүйе арқылы әдеби шығармаларды оқытып, талдатып, өзіндік дербес жұмыстарды жүргізіп, ұйымдастырып, машықтандыру іс-әрекеттерін дұрыс жүргізу керек. Әдеби шығарманы оқи отырып, оқушылар ондағы образдар жүйесін, шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнын ақыл таразысына салып ой елегінен өткізеді, оған өздерінше баға береді. Жазушының бағыт-бағдарын, ой жүйесін, мақсат-мұратын сезінеді, шығарма құбылысының қимыл-қозғалысын, жүрек лүпілін бағдарлай біледі.

«Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту - оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру.» - деген болатын әдебиет зерттеуші - ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл - оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол - оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние.

Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз.

Оқушыдағы осы сезімді ояту - мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс - тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем - дағдылар қалыптастыру;

- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой - пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Әдебиет - ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:

1. Шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы;
2. Оның ұлттық қазына екендігі;
3. Мәтіндердің сәйкестігі мен сабақтастығы;
4. Әдебиетті сөз өнері ретінде таныту;



ПедСтарт



ДИПЛОМ

Қазақстан, Шымкент қаласы, Абай ауданы
Шымкент қаласының білім басқармасының
«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Педагогтарға арналған республикалық олимпиаданың жеңімпазы

Умбетова Манзура Серикбаевна
марапатталады

1 ОРЫН

Республикалық олимпиада «Кәсіби құзыреттілік:
қазақ тілі мұғалімі»

Қатысу күні:

30.05.2024

Диплом нөмірі:

1565

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы



Е. В. Шаламова



Астана қаласы